

## **Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары лауазымды адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 қаңтар 1993 ж. N 35

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары лауазымды адамдарының жеке басын және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қарудың есебін алу және оған бақылау жасау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп мемлекеттік өкімет пен басқару органдары басшыларының, облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдерінің жұмыс істейтін және тұратын жерлерінде олардың жеке басы мен мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қолданатын болсын.

2. Республиканың өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының басшыларына еңбек ұжымдарының келісуі бойынша және кәсіпорындардың меншікті қаржысы есебінен күзет және қауіпсіздік қызметін құруға рұқсат етілсін.

Кәсіпорындардың күзет және қауіпсіздік қызметі ішкі істер органдары жанындағы күзет бөлімшелерімен уағдаластық негізде құрылады және кәсіпорындардың тауар-материалдық игіліктері аман сақталуын және олардың басшыларының жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Ішкі істер министрлігі екі айлық мерзімде "Қаруға бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісетін және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесі туралы осыған қосылған Ереже б е к і т і л с і н .

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесі туралы ережені қолдану тәртібі жайындағы нұсқауды әзірлеп, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қорғаныс министрлігімен, Әділет министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен келісетін және бекітетін болсын.

Рұқсат беру жүйесі туралы ереженің және оның қолдану тәртібі туралы нұсқаудың талаптары Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық заңды ұйымдар мен жеке адамдардың орындауы үшін міндетті болып табылады деп белгіленсін.

( 5 - т а р м а қ )

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.02.02.

6. Қазақстан Республикасының ДОСААФ Орталық комитеті мен "Динамо" Қазақ спорт қоғамдары федерациясына қызметтік-штаттық атыс қаруын сақтау мен алып жүруге хұқығы бар адамдарға оны пайдалану ережелерін уағдаластық негізде үйрету ұ с ы н ы л с ы н .

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР-інде жабайы

жануарларды қорғауды күшейту және аң аулайтын мылтықтарды сату мен пайдалануды тәртіпке келтіру шаралары туралы 1968 ж., № 20, 133-бап) күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 35 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесі туралы  
ЕРЕЖЕ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат беру жүйесін пайдаланудың ерекше тәртібі белгіленген заттарды, бұйымдарды және материалдарды сатып алу, өткізу, тасымалдау, сақтау және ұстау тәртібін реттейтін арнаулы ережелер кешені қ ұ р а й д ы .

Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың рұқсат беру жүйесі ережелерін сақтауын бақылау ішкі істер органдарына жүктеледі.

2. Тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен анықталатын атылатын, газ және суық қаруларға, оқ-дәрілерге, түрлі-түсті көбейткіш-көшіргіш техникасына, қопарғыш, күшті әсер ететін химиялық, улы, радиоактивті, есірткілі және басқа заттар, бұйымдар мен материалдар жөнінде рұқсат беру жүйесі белгіленеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМҚ-нің 1993.09.29.

3. Рұқсат беру жүйесінің объектілері базалар, сақтау орындары, қоймалары және осы Ереженің 2-бабында көзделген заттар, бұйымдар мен материалдар бар басқа да үй-жайлар, сондай-ақ қару-жөндеу, пиротехникалық, белгі-ойма кәсіпорындары, қару мен оқ-дәрі сататын дүкендер, оқ ату тирлері мен стенділері болып табылады.

## 2. АТЫЛАТЫН, ГАЗ ЖӘНЕ СУЫҚ ҚАРУЛАРДЫ САТЫП АЛУ, САҚТАУ МЕН АЛЫП ЖҮРУ

4. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар атылатын, газ және суық қаруларды түрлі-түсті көбейткіш-көшіргіш техникасын осы Ережеге және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес берілетін ішкі істер органдарының

рұқсаты бойынша сатып алады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМҚ-нің 1993.09.29.

№ 966 қаулысымен.

5. Қару сатуды кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар ішкі істер органдары ашуға рұқсат беретін арнаулы дүкендер арқылы жүзеге асырады.

(6,7-тармақ)

Ескерту. 6, 7 тармақтардың күші жойылған - ҚРМҚ-нің 1995.02.02.

№ 110 қаулысымен.

## 3. РҰҚСАТ БЕРУ

8. Ішкі істер органдары меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға қару, оқ-дәрі, түрлі-түсті көшіргіш техникасы, қопарғыш, күшті әсер ететін химиялық, радиоактивті, материалдарды сатып алуға, өткізуге, сақтауға, тасымалдауға, қару-жөндеу, пиротехникалық, белгі-ойма кәсіпорындарын, қарумен және оқ-дәрімен сауда жасайтын дүкендер, оқ ату тирлері мен стенділерін ашуға, ал азаматтарға атылатын, газ және суық қарулар және оқ-дәрі, түрлі-түсті көшіргіш техникасын сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсат береді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМҚ-нің 1993.09.29.

№ 966 қаулысымен. Р930966\_

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.10. N 1693  
қаулысымен. P 0 0 1 6 9 3 \_

9. Рұқсат беру жүйесі қолданылатын бұйымдар мен заттарды сақтауға арналған базаларды, сақтау орындарын, қоймалар мен басқа да үй-жайларды пайдалануға рұқсат құрамында мүдделі ведомстволардың ішкі істер органдарының, мемлекеттік өрт қатерін қадағалаудың, сондай-ақ объектінің түріне қарай санитарлық тау-кен қадағалаудың және басқалардың өкілдері бар комиссия оларды тексерген соң береді.

10. Рұқсат беру жүйесі белгіленген бұйымдарды, заттар мен материалдарды сатып алумен, сақтаумен, күзетумен, есепке алумен, тасымалдаумен және пайдаланумен тікелей байланысты жұмысқа азаматтарды кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшіліктері тек жергілікті ішкі істер органдарымен алдын ала келісу бойынша қ а б ы л д а й д ы .

( 1 1 - т а р м а қ ) .

Ескерту. 11-тармақтың күші жойылған - ҚРМҚ-нің 1995.02.02.  
N 1 1 0 қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгіленген тәртіппен:  
- рұқсат беру жүйесі белгіленген бұйымдарды, атылатын, газ және суық қаруларды, оқ-дәрілерді, түрлі-түсті көшіргіш техникасын, қопарғыш заттарды, күшті әсер ететін химиялық, улы, радиоактивті және басқа да заттар мен материалдарды Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге;  
- шет ел азаматтарына қарулар мен оқ-дәрі сатып алуға, оларды Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат береді.

Рұқсат беру жүйесі тарапынан өз функциясын толық көлемде жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі басқа да рұқсат түрлерін бере а л а д ы .

Ескерту. 12-тармақтың бірінші абзацына өзгеріс енгізілген -  
ҚРМҚ-нің 1993.09.29. N 966 қаулысымен.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.10. N 1693  
қаулысымен. P 0 0 1 6 9 3 \_

13. Облыстардың ішкі істер басқармалары, Алматы қаласының қалалық Ішкі істер басқармасы және Ленинск қаласының қалалық ішкі істер бөлімі:

- қару-жөндеу, пиротехникалық белгі-ойма кәсіпорындарын, қарумен және оқ-дәрімен сауда жасайтын дүкендер, қопарғыш материалдар қоймаларын, оқ ату тирлері мен стенділерін ашуға;

- кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қопарғыш, күшті әсер ететін химиялық, улы және басқа заттар мен материалдарды сатып алуына, тасымалдауы мен с а қ т а у ы н а ;

- барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қаруды және оның оқ-дәрісін сатып алуына, тасымалдауына, сақтауына;

- азаматтарға аңшы атыс қаруы мен олардың оқ-дәрілерін сатып алуға, сақтауға  
және ұстауға ;

- спорт ұйымдарына жарыстарға қатысу үшін қару мен оқ-дәрілерді шетелге әкетуге  
және Қазақстан Республикасына әкелуге ;

Ескерту. 13-тармақтың 5-ші және 6-ші абзацтары жаңа редакцияда  
берілген - ҚРМҚ-нің 1995.02.02. N 110 қаулысымен.

14. Қалалық және аудандық ішкі істер органдары:

- мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қопарғыш, күшті әсер  
ететін химиялық, улы және басқа материалдар мен заттарды сатып алуына,  
тасымалдауы мен сақтауына ;

- мемлекеттік ұйымдардың метанолды (паспортты ресімдеуді) сатып алуына және  
сақтауына ;

- азаматтардың тегіс оқпанды аңшылық және газ қаруын сатып алуына, сақтауы мен  
алып жүруіне рұқсат береді .

15. Көліктегі ішкі істер органдары әскерилендірілген күзет бөлімшелерінің атыс  
қаруын, оның оқ-дәрісін сатып алуға, ұстауына, сақтауына және тасымалдауына рұқсат  
береді .

#### 4. РҰҚСАТ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

16. Ішкі істер органдары рұқсат беру жүйесі ережелерінің сақталуын бақылауды:  
объектілерді жүйелі тексеру; рұқсат беру жүйесі белгіленген бұйымдарды, заттарды  
және материалдарды сатып алуға, сақтауға, тасымалдауға, күзетуге және пайдалануға  
байланысты жұмысқа адамдар жіберуді тексеру; тиісті рұқсаттар беру; қолданылып  
жүрген ережелерді бұзудың алдын-алу және жолын кесу жөніндегі профилактикалық  
шараларды жүргізу арқылы қамтамасыз етеді.

17. Рұқсат беру жүйесін жүзеге асыруда ішкі істер органдарына:

а) рұқсат беру жүйесі қолданылатын бұйымдарды, заттарды және материалдарды  
сақтауға, күзетуге, есепке алуға, пайдалануға және тасымалдауға байланысты  
жұмыстарға жіберуден бас тарту, атылатын және газ қаруын сатып алу мен сақтауға  
рұқсат бермеу, сондай-ақ егер адам:

- психикалық ауруға шалдыққан ;

- қоғамдық тәртіпті өрескел бұзатын ;

- тиісті есепте тұрған маскүнем немесе нашақор ;

- қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталғандығын өтемеген немесе онысы заңмен  
белгіленген тәртіпте алынбаған ;

- қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған ;

- тұрақты тұратын мекені жоқ болса, бұрын оған берілген жіберудің немесе

р ұ қ с а т т ы н к ү ш і н ж о ю ;

б) азаматтардың қауіпсіздігі мен ондағы қару мен оқ-дәрінің сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда оқ ату тирлерін жабу;

в) сақтау ережелерінің орындалуын тексеру мақсатында рұқсат беру жүйесі белгіленген заттар, бұйымдар және материалдар сақталатын үй-жайларды кәсіпорын, мекеме және ұйым өкілдерінің қатысуымен тексеру;

г) кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға атылатын және газ қаруын, оқ-дәріні, қопарғыш материалдарды, күшті әсер ететін химиялық, улы және радиоактивті заттарды өткізу, босату, сақтау, есепке алу, пайдалану және тасымалдау тәртібін бұзған жағдайларда осындай бұйымдар мен заттарды сатып алуына, өткізуіне, сатуына, сақтауына және тасымалдауына тыйым салу, аталған заттар мен бұйымдарды қайтарып алу, қоймаларды, базаларды және сақтау орындарын мөрлеп жабу;

д) егер қызметкерлердің немесе басқа азаматтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін болса, онда пиротехникалық кәсіпорындардың қызметін толық немесе ішінара т о қ т а т у ;

е) тиісті рұқсатсыз ашылған белгі-ойма кәсіпорындарының жұмыс істеуіне тыйым с а л у ;

ж) барлық меншік нысанындағы кәсіпорын, мекеме және ұйым басшыларына рұқсат беру жүйесінің ережелерін бұзушылықты жою туралы нұсқама жіберу;

з) қаруды пайдалану ережесін сақтауға бақылау жасау мақсатымен азаматтарда бар қаруды, оқ-дәріні және оларды сақтау орындарын қарап шығу;

и) Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативті актілерімен белгіленген тәртіппен азаматтардан қаруды және оқ-дәріні қайтарып алу хұқығы беріледі.

Ескерту. 17-тармақтың "а" тармақшасы жаңа редакцияда берілген - ҚРМҚ-нің 1995.02.02. N 110 қаулысымен.

18. Рұқсат беру жүйесінің ережелері Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Республикалық ұланына, Президенттің Күзет қызметіне, Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Мемлекеттік тергеу комитетіне Қаржы министрлігінің Кеден комитеті мен Бас салық инспекциясының Салық полициясы басқармасына қарасты объектілерге қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМҚ-нің 1995.02.02. N 110 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.28. N 1060 қаулысымен. P961060\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК